

**№136 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: *Тілдің мерейі-елдің мерейі.*



*Орындағандар: 6 «3» сынып
Жетекшісі: Азимова Меруерт Бақытқызы*

2023 жыл

Тілдің мерейі – елдің мерейі!

Тәрбие сағаттың мақсаты: Оқушыларды ана тілімізді құрметтеуге тәрбиелеу, тіл – біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.

1 - жүргізуші: Армысыздар, Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі «Тілдің мерейі – елдің мерейі» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Ана тілге деген сүйіспеншілік бала кезден басталады. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Ел – жұртымыздың, туған жеріміздің ерекшелігін, қасиетін ана тіліміз арқылы қабылдап, соған деген махаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткіземіз. Ана тілі – адам болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана тілі – жүректің терең сырларын, халық тарихының барлық кезеңдерін, жанның барлық толқындарын ұрпақтан ұрпаққа сақтап отыратын қазына.

2 – жүргізуші:

Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, беделді де, бейнелі тілдердің бірі.

1989 жылы, 22 қыркүйекте тұңғыш рет Қазақ КСР-нің «Тілдер туралы» заңы қабылданып, онда қазақ тіліне «Мемлекеттік тіл» мәртебесі берілді. 1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Ата Заңы қабылданды. Заңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл деп нақты атап көрсетілген. Б. Момышұлы атамыз: «Тілін білмеген-түбін білмейді» деген. Шынында, тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай алмаса, ол қасірет емес пе? Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс. Болашағымызды баянды етер қаруымыз-тіліміз. Ана тілімізді құрметтей білейік.

Әрине, тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам-қаперсіз болған емес... Сондықтан тіл туралы ән жырлар жазған. Кезекте сыныбымыздың күміс көмей әншісі Нұрқанттың орындауында ән-« Қазақ тілі» .

1 - жүргізуші:

Халқымыздың ойлы азаматтары ғасырлар бойы ана тілімізді барша өнерден жоғары бағалады. Ана тілі аталуының өзі сондықтан болса керек. Ақын – жазушыларымыздың «Тіл деп соққан жүрегі» өлеңдерінен үзінділер оқитын оқушыларды ортаға шақырайық.

Наурыз:

Ана тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.
Тілім өссе, мен де бірге өсемін,
Тілім өссе, мен де бірге өшемін.
Ана тілін білмеген-
Ақылы жоқ желікбас.
Ана тілін сүймеген
Халқын сүйіп жарытпас.

Нұрдаулет:

Туған тілім – бабам тілі, өз тілім,
Туған тілім – анам тілі, өз тілім.

Туган тілім – далам тілі, өз тілім,
Туган тілім – алаам тілі, өз тілім,
Туган тілде сырлы терең жаным бар,
Туган тілде менен сәнім бар
Туган тілім тіл болудан қалса егер,
Жүретімді суырып – ақ алтынлар
Амина

Бұлт сөйілді, төніп тұрған тіліме,
Шуақ шапсың күн күлімдеп көгімде,
Қанат жайып қалықтағым келеді
Баба тілін кәстерлеген жерімде,
Тіл тұғырын ұмытуың керек пе,
Халық сөзі рух береді жүрекке,
Ана тілді бағаламай өтсеңіз,
Өзге тілдің ұлтымызға тірек пе?
Сан ғасырдың тарихы бар тілімде,
Белестерден өте берсін сүрінбей,
Қазақ тілін арнасына толтырып,
Шығарайық келер ғасыр төріне.
Али:

Мұхтар Шаханов. «Төрт ана».

Тағдырыңды тамырсыздық іңдетінен қалқала.
Әр адамда өз анасынан басқа да
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
Болу керек күдіретті төрт ана.
Туган жері-түп қазығы, айбыны,
Туган тілі-сарқылмайтын байлығы,
Туган дәстүр, салт-санасы-тірегі,
Және туган тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасиетті болса да
Төрт анаға әнін жалдай алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған?
Төрт анасын қорғамаған халықтың
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.
Дархан:

Қымбат маған ана тілім – бал тілім,
Қымбат маған дана тілім – ар тілім.
Ақ сүтімен бірге сінген бойыма
Ана тілім – ардақ тұтар алтыным.
Ана тілін жырлап өткен талайлар,
Жырлап өткен Ыбырай мен Абайлар.
Қасиетті менің ана тілімде
Өшпес мәңгі алаулаған арай бар.

1 - жүргізуші: Рахмет.

2 – жүргізуші:

Келесі кезекте сыныбымыздың мың бұралған бишілеріне назар аударайық, қабыл алыңыздар.

1 - жүргізуші: Рахмет. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін де, жауласқан елдердің арасын келісімге келтіретін де осы тіліміз. Ана тіліміздің ой тереңдігін, күдіреттілігін, оның қазына екенін дәлелдейтін көріністерді тамашалайық. Көрініс: «Төле бидің жұмбағы»

Төле би (Шаттық): Уа, халқым, сөз қадірін білетін, сөз таныған жастарға 10 түрлі жұмбағым бар. Айтсам жұмбағым мынау: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10.

Дауыстар: Осындай жұмбақ бола ма екен?

Қазыбек би (Нұрым): Ұлы аға, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз.

Төле би(Аңсар): Рұқсат, Қаз дауысты Қазыбегім.

Қазыбек би(Нұрым):

Бір дегенің – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегенің – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегенің – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегенің – төсектен безген жас жаман.

Бес дегенің – белсеніп шыққан жау жаман.

Алты дегенің – асқынып кеткен дерт жаман.

Жеті дегенің – жас келіншек жесір қалса сол жаман.

Сегіз дегенің – серпілмеген қайғы жаман.

Тоғыз дегенің – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.

Он дегенің – кәрілікке дауа болмас.

Төле би(Шаттық): Рахмет, дәл тауып шештің, ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым менің.

Қазыбек би (Нұрым): Ал, Әйтеке халқына сен не айтасың?

Әйтеке (Аңсар): Уа, халайық! Көсіліп шабар жерің бар, Тау көтерген елің бар, Атадан қалған сара жолың бар. Тіл қадірін білер болсандар! Рахмет, балалар! Өркендерің өссін.

2-жүргізуші. Келесі кезекте Шанабек Ұлжанның орындауындағы «Келіншек» күйін қабыл алыңыздар.

1 - жүргізуші:

Рахмет.

Ана тіліне, қазақтың ел болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан хан, билердің есімі тарихтан белгілі. Ақ пен қараның, шындық пен жалғанның, достық пен қастықтың ара – жігін ұстаған зерделі ақыл иелері, асыл сөздің шебері : Бұқар жырау, Аяз би, Жиренше шешендеріміз, Төле, Қазыбек, Әйтеке билеріміз «Тура биде тума жоқ» деп әділдігін айтқан, туған тілге деген тілектері бір емес пе еді?!

Келесі кезекте барлығымыз өзіміздің еліміз, жұртымыз, халқымыз жайында ақпараттар, мәліметтер білеріміз анық. Сендерде білесіндер ме? Ендеше сендерге бірнеше сұрақ қоямын.

1. Ахмет Байтұрсынов кім?

2. Жүз жасаған ақын?

3.Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебе алды?(1989 ж 22.09 және 1997ж 11.07)

4.Абайдың қанша қара сөзі бар?(45 қара сөзі)

5.Ата заң қашан қабылданды? 30 тамыз 1995

6.Қазақтың тұңғыш алфавитін жасаған кім?(Алтынсарин)

7.Тіл туралы заң неше баптан тұрады?(27 бап. 6 тарау)

8.Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды?(1991ж 16 желтоқсан)

9.Қ.Р рәміздерін ата?(Ту, елтаңба,ән ұран)

10.Ән ұранның авторы кімдер?(Шәмші Қалдаяқов пен Н.Назарбаев)

1 - жүргізуші: Туған тілім қазынам, алтын кенім,

Жаңа алыпқа өзінді алып келдім.

Қош келдің туған өлке, бесігіңе,

Қасиетті бабамның тілі менің.

2 – жүргізуші:

Ана тілім туған тілім, бал тілім,

Сен арқылы дүние танып талпындым.

Сен арқылы әлемге аян бар ісім,

Сен өмірде таусылмайтын алтыным. дей отырып, өлең жырларға берсек...

1-жүргізуші: Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс тіршілігінің көзі, Ата Заңымен қорғалатын, еркіндігінің үні. Оны құрметтеп, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу, Қазақстанның бақытты да парасатты, білімді де еңбекқор ұл-қыздары бізге ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан жеткен аманат.

2-жүргізуші: Ана тілі бүгінде барлық Қазақстан халықтарының мәртебесі, мақтанышы. Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Енді осы ана тіліміздің өрісін кеңейту, қолданыс аясын барынша ұлғайту біздің міндетіміз. Бүгінгі танымдық сағатымыздың соңын Ақын Мұзафар Әлімбаевтың жыр жолдарымен : Тілің – халқың, халқың – тілің, Қос егіз!

Екеуінің саясында өсеміз.

Халық пен тіл – жасай берер қос емен,

Саясында көгереді көсегең.

Сіз бен біз де бұ дүниеден көшеміз.

Жасай бермек, жасайды сол қос – егіз! – деп осымен «Тілдің мерейі – елдің мерейі» өз мәресіне жетті. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш, тіл мәртебесі биік болсын, ағайын!

